

Мекеме басшыларына

Т.Рысқұлов ауданы білім бөлімі Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасының оқу-әдістемелік орталығы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Тәрбие жұмысы және қосымша білім беру департаменті Республика күнін және Мемлекеттік егемендік туралы Декларацияның 35 жылдығын білім беру ұйымдарында атап өту туралы ұсынымдар әзірлегенін хабарлайды. «Адал Азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын іске асыру шеңберінде республикалық желілік кестеге енгізілген іс-шаралардың бірыңғай кешенін өткізу ұсынылды.

Осыған байланысты мектепке дейінгі ұйымдарында және білім беру ұйымдарының мектепалды сыныптарында тәрбиеленушілердің бойына отаншылдық пен азаматтық сана-сезімді сіңіру мақсатында 2025 жылы 15-24 қазан аралығында өтетін іс-шараларды ұйымдастыру барысында аталған ұсынымдарды басшылыққа алу қажет.

Сонымен қатар, іс-шараларды жүзеге асыруда:


- өңірлік БАҚ-та әлеуметтік желілерде, білім беру ұйымдарының сайттарында кең ақпараттық сүйемелдеуді ұйымдастыру;

- өткізілетін іс шаралардың қауіпсіздігін, сапасын, жаппай және патриоттық бағытын қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылдау

Ұсынымдарда көрсетілген мектепке дейінгі ұйымдарда «Қыран елім-Қазақстаным!» патриоттық акциясы аясында мерекелік ертеңгіліктер ұйымдастырып, атқарылған іс-шаралар туралы ақпаратты «Менің Қазақстаным» суретін салу байқауының жұмыстарын аудандық кезеңге 2025 жылы 23 қазанына дейін жіберулеріңіз қажет.

Қосымша 2 бет

/ Басшы



М. Сванов